



№2 Лекция

Тақырыбы: Ландшафты геожүйесіндегі В.Б. Сочаваның тұжырымдамасы

Жоспары:

1. В.Б.Сочава тұжырымы
2. А.А.Крауклистің түсінігі
- 3.В.И.Вернадскийдің тұжырымы
- 4.Н.А.Солнцевтің түсінігі


Сабақтың мақсаты: Ландшафты геожүйесіндегі В.Б. Сочаваның тұжырымдамасына талдау жасау.

Н.А.Солнцевтің түсінігі бойынша литогендік компоненттер, яғни қатты фундаментпен байланыстылар “күшті” компоненттерге жатады, екінші орында климат пен су компоненті, ал ең әлсіз компоненттерге биогендік компоненттер жатады. Ландшафтың жекелеген компоненттерінің осы бірліктегі рөлі туралы басқа да көзқарастар кездеседі. В.Б.Сочава тұжырымы бойынша жылу, ылғал және биота геожүйенің “сыншыл” компоненттері, өйткені бұлар оның тұрақтылығы мен энергиясын анықтайды. А.А. Крауклис геожүйелердің компоненттерін қызмет ету ерекшелігіне қарай 3 топқа жіктеді:

- 1.инертті (минералдық субстрат пен рельеф) – геожүйенің негізін құраушы;
2. мобильді (ауа және су массалары – молекулалық қосылу күші әлсіз) – геосистемада алмасу, транзит функциясын құрайды;
- 3.активті компоненттер – биота геосистеманың тұрақты, өздігінен орнына келетін компоненті.

А.А.Крауклистің түсінігі бойынша геожүйелер өзінің өмір сүруі мен дамуына құрамындағы компоненттерге міндетті, сол үшін компоненттердің қайсысы бірінші орында, қайсысы екінші орында деп бөлу мақсат емес, керісінше геосистеманыңбүтін бірлік ретінде сақталуында әрқайсысының рөлі қандай екендігін анықтау. Абиогендік компоненттер биотаға қарағанда, геосистемада белгілі мағынада, алғашқы болып есептеледі, жер дамуында бірінші пайда болғандығы үшін емес, олар геожүйенің алғашқы материалдық субстраты болып табылады да организмдердің арқасында тірі заттар түзіледі. Осымен қатар тек қана абиотикалық компоненттерден түзілетін геосистемаларда кездеседі, мысалы, мұздар. Мұндай не топырақ жамылғысы, не тірі организмдері жоқ геожүйелерді толық дамымаған немесе “протоландшафттар” деп атайды.

Бірақ, тіршіліктің пайда болуы нәтижесінде абиотикалық ортаның құрамы мен құрылымы біршама өзгерістерге ұшырады. Тірі организмдер ең маңызды ландшафт жаратушы фактор болып есептелді. Биологиялық

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу-әдістемелік кешен</p>	<p>Басылым: төртінші</p>
---	--	------------------------------	------------------------------

айналым атмосфера, гидросфера және литосфераны түпкілікті өзгерістерге ұшыратты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. В.Б.Сочава тұжырымына талдау жасаңыздар?
2. А.А.Крауклистің түсінігі туралы сипаттама жасаңдар?
- 3.В.И.Вернадскийдің тұжырымына талдау жасаңдар?
- 4.Н.А.Солнцевтің түсінігіне сипаттама беру?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Перельман А. И. Геохимия ландшафта: учеб. пособие для студентов геогр. и геолог. спец. ун-тов / А. И. Перельман. – 2-е изд. – М.: Высшая
2. Подколзин В. В. Географической подготовке в ВГПУ 70 лет / В. В. Подколзин, Т. М. Худяк ова, В.И. Шмыков // Эколого-географические исследования в речных бассейнах: материалы второй всерос. науч.-практ. конф. / Воронеж. гос. пед. ун-т. – Воронеж, 2004. – С. 3-8.
3. Раскатов Г. И. Геоморфология и тектоника территории Воронежской антеклизы / Г. И. Раскатов / Воронеж. гос. ун-т. – Воронеж, 1969. – 164 с.
4. Симонов Ю. Г. Современные проблемы геоморфологии речных бассейнов / Ю. Г. Симонов [и др] // Эколого-географические исследования в речных бассейнах: материалы междунар. науч.-практ. конф. / Воронеж. гос. пед. ун-т. – Воронеж, 2001. – С. 5-8.